

11-сыныптардың кәсіби маман таңдау жолында көрсетілген көмек

Міндеттері:

- Оқушыларға ақыл-кеңес беріп, кәсіби таңдауларына сәйкес жеке психофизиологиялық ерекшеліктерін ескеріп, денсаулықтарына байланысты, аймақтағы мамандарға сұраныстың қажеттілігін негізге алып мамандық таңдау жұмыстарын ұйымдастыру;
- Кәсіби білім беру аясында әлеуметтік серіктестікті дамыту;
- Кәсіби білім беруде мекемелерімен бірлесіп бағыт беру алдындағы, кәсіби бағыт беру жұмыстарын ұйымдастыру;
- Кәсіби бағдар беруді оқу бағдарламасына, оқу-тәрбие үдерісіне енгізу. Жоспарға сәйкес іс-шаралардың барлығы толығымен орындалып, қорытыланды. Нәтижесінде мектеп оқушыларының білім сапасы жақсы дәрежеде болып, әртүрлі деңгейде ұйымдастырылған сайыстар мен олимпиадалар жақсы көрсеткіштер көрсетті.

Оқушыларға қосымша білім беру және пәнге қызығушылықтарын арттыру және болашақта мамандық таңдауға дұрыс жол көрсету мақсатында мектепте қосымша көптеген іс-шаралар өткізілді.

11 сынып оқушыларымен кездесіп, онда оқушыларды көпшілік мамандықтар туралы түсінікпен қаруландыру, кәсіптік қызығуы мен бейімділігін, қабілеттілігін қалыптастыру және дамыту мақсатында оқушылардың дара ерешеліктерін зерттеу, мектеп бітірушілерге мамандық таңдауға көмектесу, оқушыларды белгілі мамандықтың түрін меңгеруге бейімдеу. Аталмыш мектептерде мамандықтар туралы презентациялар көрсетіліп, сауалнама толтыртып, бейнероликтерді де көрсету арқылы оқушылармен түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Оқушыларды оқуға баулу және ҰБТ-да кездесетін қиындықтарды жоюға көмектесу жайлы әңгіме қозғалды. Сонымен қатар оқушылар арасында кәсіпкерлікке байланысты бірнеше сауалнама қойып, оқушылардың болашақта таңдаған мамандығына деген қызығушылығын, кәсіпкер болуға деген ынтасын бақыладым. Жобаға қатысу арқылы не нәрсеге қол жеткізетіні туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, бағыт- бағдар бердім. Саналы түрде таңдалған мамандық болашақта әрбір оқушыны жұлдыз болуына әсер етеді. Болашақтағы кәсіби мақсатына дұрыс бағыт алған оқушы бойындағы қабілетін шығармашылықпен дамыта білсе сапалы маман, болашақ жұлдыз шығатыны белгілі.

Сол себепті қазіргі таңда түлектерге ҰБТ-ға үлкен жауапкершілікпен карап, кеңес айту үлкен маңызға ие.

М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті «Ашық есік» күніне мектебіміздің 11сынып оқушылары қатыстырылды. Аталмыш ЖОО на сапарымыз барысында оқушылар университеттің тыныс –тіршілігімен,

студенттік өмірдің қызықтары, оқыту бағдарламалары және университет туралы көптеген ақпараттар алды. Бітіруші түлектер көкейлерінде жүрген сұрақтарға жауаптар алды.

Мақсаты: Кәсіптік бағдар беру орталығы және Химиялық инженерия және биотехнология жоғары мектебі бітіруші түлектерге білім беру бағдарламаларын, оқу – зертханалық кешендерін таныстыру. Жұмыс орындары, өнеркәсіп жайлы видео ролик көрсетілді, сұрақтарға жауап берді.



11 сынып оқушыларына сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижесінде оқушылар арасында ең көп дауыс жинаған мамандық-медицина саласы.

Бүгінгі күннің басты міндеті – оқушыларды нақты мамандық бойынша даярлау, мамандықты дұрыс таңдауға дайын тұлғаны қалыптастыру, ғылыми-техникалық прогресс және бәсекелестік күрес жағдайында кәсіби функциялардың ұтқырлығының мәнін түсіну. Кәсіби бағдар берудің басты мақсаты – оқушыларға оқу профилін таңдау туралы шешім қабылдауға қолдау көрсету. Дұрыс таңдалмаған мамандықтан адамның өзі де зардап шегеді. Әр адам өзін табу керек. Біздің қоғамымыз талантты кәсіби жұмысшыларды, инженерлерді, конструкторларды, педагогтарды және басқа да мамандарды қажет етеді. Мамандық әлемі туралы білім және түсінік жүйесін қалыптастыруда кәсіби бағдар берудің атқаратын қызметі орасан зор.

Дайындаған ДЫЖО:

Медетбекова Д.А.